



Кішкентай  
оқырмандарға  
арналған журнал

№2

# БАЛАПАН ӘЛЕМІ

# БАЛАПАН ӘЛЕМІ №2



Қазақстан Республикасы  
Ғылым және  
жоғары білім министрлігі  
Тіл саясаты комитетінің  
тапсырысы бойынша  
шығарылды.

Редакциялық алқа  
мүшелері:

Болатов Санжар  
Қапантайұлы  
Шынар Қапантайқызы  
Алимхан Айгүл  
Өсетқызы  
Болатова Айұл  
Санжарқызы  
Қабидоллина Құралай  
Қабидоллақызы  
Қабдуллина Анар  
Қабиденқызы  
Баймурзин Мәди  
Охметұлы

Журнал Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және Ақпарат министрлігінде  
тіркеліп, 24.04.2009 жылы  
№10074 Ж тіркеу күәлігі берілген.

Шығарушы:  
ЖК «MediaSoft»  
070016 Өскемен қаласы  
Ш.Қалдаяқов көшесі 33  
тел: 87054985044  
e-mail: MediaSoft74@list.ru

Басуға қол қойылады:  
Таралымы:  
Тапсырыс:

## МАЗМҰНЫ:

Тілашар «Мен зерек баламын!	3 бет
Менің Отаным - Қазақстан!	4 бет
Ол кім? Бұл не?	5 бет
Оулан - тап...	6 бет
Боямақтар	7 бет
Ұлттық құндылықтар?	8 бет
Атаулы күндер	9 бет
Ұлылар ұлағаты	10 бет
Өлеңді жаттап аламыз	11 бет
Ертегілер елінде	12 бет
Сергіту жаттығулары	13 бет
Жұмбақтар	14 бет
Жаңылтпаштар	15 бет
Сен білесің бе?	16 бет
Техника тілі	17 бет
Достарыммен бірге	18 бет
Тапсырмалар	19 бет
Суреттер сөйлеуі	20 бет
Сурет салып үйренеміз	21 бет
Суретті сөздік	22 бет
Төрт түлік	23 бет
Ата-анаға кеңес	24 бет





# ілашар

Мен зерек баламын.

**Кітапты көп оқимын,  
Терең білім аламын.  
Түйсігіме тоқимын,  
Үлкен бала боламын.**



### ТАПСЫРМА

Шаршыларда берілген әріптерге сәйкес суреттерді ата



**Менің Отаным - Қазақстан!**

# Қазақстан - тәуелсіз ел!



Астана - біздің Отанымыздың астанасы.

Қазір бұл болашақ қаласы, арман қаласы. Күн сайын ол дамып, гүлденіп келеді.

Мұнда көптеген спорттық және мәдени оқиғалар өтеді.

Астанада өз архитектурасын таң қалдыратын ең заманауи ғимараттар салынуда.

Астанаға келген басқа елдерден келген қонақтар рттарды таңданыспен ашады.

Астана жаңа Қала, XXI ғасырдағы қала сияқты көрінеді.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында онда ең ғажайып нысандар, заманауи саябақтар мен скверлер, керемет әдемі субұрқақтар мен ескерткіштер пайда болды.

Қала нышаны — Бәйтерек монументі, халық өмірінің ағашы, тамырымен жерге өскен, ал ұшар басы аспанға тірелген.

**Біздің елде бас қала,  
Сұлу, әрі жас қала.  
Отанымның жүрегі,  
Оның аты - Астана!**



# БҰЛ НЕ?

**ӘЛЕМДЕГІ  
ЕҢ  
ҮЛКЕН  
ЖАНУАР**



Көк кит,  
көкшіл кит немесе блювал  
жолақала киттер тұқымдасының теңіз  
жануары. Жер шарындағы ірі жануар,  
ұзындығы 33 м, салмағы 150 т,  
ал жүрегінің салмағы 1 тонна.



**әлемдегі ең білімді бала...**

**Таниш Мэтью Авраам**

2003 жылы Америкада дүниеге келген.  
Ұлты үнді. Төрт айдан бастап, нәресте балалар  
кітаптарын қарап, олардың мазмұнына жасына  
сәйкес келмейтін жауаптармен тіл қатқан.  
Мазмұнын түсініп, соған байланысты жұмыс жасаған.  
Бес жасында, бала Стэнфорд университетінде  
математика курсына оқуға түсті.

# ОЛ КІМ?



# ОЙЛАН • ТАП



Мына 4 суреттің ішінен  
артық суретті көрсет.




Бос орынға қай суретті қоямыз?



Ойыншық неше  
бөліктен тұрады?



# БОЯМАҚТАР



Ауыр жүкті зіл,  
Көтереді піл.  
Тек тұмсыққа іл  
Мұны, балам, біл.



Ешкімнен де қорықпайм  
Деп ойлаған тышқан,  
Жаңа ғана зытып,  
Өтті осы тұстан.



# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді.  
Олар: аңға байланысты,  
малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын,  
зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін,  
соңғы кезде қалыптасқан ойындар.  
Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам.



# Атаулы күндер



**8**  
**наурыз**  
**аналар**  
**күні!**



**22**  
**наурыз**  
**ҰЛЫСТЫҢ**  
**ҰЛЫ**  
**күні!**



# Ұлылар ұлағаты



## Қаныш Имантайұлы Сәтбаев

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – Қазақ КСР Ғылым Академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, Кеңес Одағы мен Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтың тұңғыш академигі. Ол Қазақстандағы ғылыми және техникалық дамудың көшбасшысы болды. Қазақтан шыққан тұңғыш ғылым докторы, Шығыс елдерінің ғалымдары арасында ғылым мен техника саласындағы КСРО алғашқы академигі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының бірінші иегері болды.



# Алеңді жаттап аламыз

Мен кішкене баламын,  
Жігіт болу талабым.  
Келер жылы мектепке  
Сабаққа мен барамын.  
Жақсы оқимын сабақты,  
Күнде бестік аламын.



# Ертегілер елінде



## Бір үзім нан

### Бір үзім нан

Баяғы бір заманда бай мен кедей көрші өмір сүріпті. Олардың араздығы сондай, бірін-бірі көргісі келмейді екен. Байдың үйі кең, әдемі болыпты. Іші толған – алтын мен күміс. Ал кедейдің үйі ағаштан жасалған, төбесін бұтамен жапқан қора екен. Алтын мен күміс түгілі, нанын өздері тауып жепті. Егін егіп, оны суарып, күтіп, орып, өз күнін өзі көріпті.

Бір жылы көктемде алапат, су тасқыны болады. Бай алтынын көтеріп ағаштың басына шығып кетеді. Ал кедей болса, бір көмеш нанын қойнына салып, ол да ағаштың басына көтеріледі. Су тасқыны он бес күнге созылады. Бір күні қарны ашқан бай кедейге:

- Әй, кедей, сен мына бір кесек алтынды ал да, маған бір үзім нан бер, - дейді.
- Жоқ, алтының өзіңе, нан бере алмаймын, - деп жауап береді кедей.
- Екінші күні бай кедейден тағы да нан сұрайды.
- Алтынымның жартысын берейін, - дейді ол бұл жолы.
- Жоқ, бере алмаймын, - деп бұл жолы да кедей келіспейді.

Ақыры, аштан өліп бара жатқан соң шыдамай, бай бір үзім нанға барлық алтынын айырбастайтынын айтады. Кедей бәрібір көнбейді. Бойынан күші кеткен бай басы айналып, суға құлап кетеді. Ал, келесі күні су тоқтап, кедей ағаштың басынан түседі. Халықтың: «Алтын, күміс - тас екен, арпа, бидай – ас екен» дейтіні осыған орай айтылған екен.





## Сергіту жаттығулары

**Қане қанат жазайық,  
Қарлығашқа ұқсайық.  
Ұшып-ұшып алайық,  
Орнымызға қонайық.  
Білімде алда болайық.**



# ЖҰМБАҚТАР

Жасыл ала дөңгелек,  
Бақшада жатыр дөңгелеп.



Үстіне тігіп көк шатыр,  
Астында қызыл дәу жатыр.



Жерде жатып желіндейді,  
Күз түскенше желінбейді.



**Ж**  
**А**  
**Ң**  
**Ы**  
**Л**  
**Т**  
**П**  
**А**  
**Ш**  
**Т**  
**А**  
**Р**

Шабысты ат,  
Шалыс шаппас,  
Шалыс шапса,  
Алыс шаппас.



Ою ою ойым бар-ды,  
Ойналмастан ойын қалды.  
Орындалмай ойымдағы  
Ойылмады ою-дағы.  
Орашолақ, олақпын ба,  
Оя алмадым оюларды?

Омартаға балалар барар,  
Балаларды аралар талар.



# Сен білесің бе?



Мұздың тығыздығы бетонның тығыздығына тең.

Лас қар таза қарға қарағанда баяу ериді.

Ауаға қарағанда мәрмәр дыбысты он есе жақсы өткізеді.

Ауаға қарағанда болатта дыбыс он бес есе жылдам тарайды.

Таза алтын өте жұмсақ, оны қолмен майыстыруға болады.

Ыстық су салқын судан ауыр.

Кавказда қарбызды тұздайды.



# ТЕХНИКА ТІЛІ



## Plevo Infinite Чемоданы

Plevo Infinite чемоданы, басқа гаджеттер сияқты, біздің өмірімізді жеңілдетеді.

Бұл кез-келген саяхатта тамаша серіктес болады: жолда телефон мен ноутбукты зарядтайды, багаждың артық салмағы туралы ескертеді, ішіндегі заттарыңызды сенімді түрде жабады-құлыпты тек Face ID көмегімен смартфондағы арнайы қосымша арқылы ашуға болады, Touch ID, тримге кіретін кілттер немесе Морзе коды — жоқ жағдайда телефонға кіру немесе басқа адам чемодан ашуы керек.

Сонымен қатар, чемодан ешқашан жоғалмайды — оны сіз бен багаж арасындағы қашықтық 20 метрден асқан кезде, сондай-ақ чемоданыңызды басқа адам ашуға тырысқанда хабарлама жіберетін етіп орнатуға болады.



# Достарыммен бірге




Мен тауға достарыммен бірге бардым.  
Біз биік шынға шықтық.  
Қызықты әрі көңілді әңгімелер айттық.  
Біз биік шынға шыққанда биікті бағындырдық.  
Табиғат өте әдемі.  
Бірақта кейбір кісілер табиғатты ластап, бұзады.

Сол үшінді табиғатты қорғау керек!


# ТАПСЫРМАЛАР, ОЙНАЙМЫЗ ДА, ОЙЛАЙМЫЗ...

БЕРІЛГЕН ФИГУРАЛАРДЫҢ  
ЖЕТІСПЕЙТІН БӨЛІГІН ТАП




# ТАПСЫРМАЛАР, ОЙНАЙМЫЗ ДА, ОЙЛАЙМЫЗ...


## БАЛЫҚТЫ ҰСТАП АЛ




## МЫСЫҚҚА СҮТ БЕР



# СУРЕТ САЛЫП ҮЙРЕНЕМИЗ



# СУРЕТТЕР СӨЙЛЕЙДІ



## Тапсырма

Суреттерге қарап,  
эңгіме құрастыр



# СУРЕТТІ СӨЗДІК



## Аңдар





Кішкентай  
оқырмандарға  
арналған журнал

Құрметті, Ата-аналар!  
Бала тәрбиесі - ата-ана үшін  
үлкен жауапты міндет.  
Жас шыбық иілгіш болса,  
жас бала да сондай жақсыға да,  
жаманға да бірдей бейім болатыны мәлім.  
Қазақта: «Баланың бас ұстазы – ата-анасы»,  
- деген сөз бар.  
Сондықтан, «Балапан әлемі» журналын  
балаңызбен бірге оқып,  
мәтіндер мен тапсырмалардың мағыналарын  
түсіндіріп беруіңізді сұраймыз.  
Бұл журнал сіздің балаңызға арналады.

  
БАЛАПАН №2  
ӘЛЕМІ